

Абай облысы Мақаншы ауданының жалпыға ортақ пайдаланылатын аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесін, атаулары мен индекстерін бекіту туралы

Күшін жойған

Абай облысы Мақаншы ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 9 маусымдағы № 72 қаулысы. Күші жойылды - Абай облысы Мақаншы ауданы әкімдігінің 2026 жылғы 16 ақпандағы № 23 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Абай облысы Мақаншы ауданы әкімдігінің 16.02.2026 № 23 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының "Автомобиль жолдары туралы" Заңының 3-бабының 7-тармағына және 6-бабының 2-тармағына сәйкес, Мақаншы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Абай облысы Мақаншы ауданының жалпыға ортақ пайдаланылатын аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесі, атаулары мен индекстері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Абай облысы Мақаншы ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне электрондық түрде жариялануын;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Мақаншы ауданы әкімдігінің интернет – ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Мақаншы ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Д.Койгельдин

Қаулысына
қосымша

Абай облысы Мақаншы ауданының жалпыға ортақ пайдаланылатын аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесі, атаулары мен индекстері

10	KU МК-10	Мақаншы РЭС, 0-5 км	5	-	-	-	5	-
11	KU МК-11	Қарабұта ауылына кіреберіс, 0-3 км	3	-	-	-	3	-
12	KU МК-12	Қаратал ауылына кіреберіс, 0-2 км	2	-	-	-	2	-
13	KU МК-13	Бұғыбай ауылына кіреберіс, 0-2 км	2	-	-	-	-	2
14	KU МК-14	Бекет ауылына кіреберіс, 0-2 км	2	-	-	-	2	-
Барлығы			211,2	-	-	-	145	66,2

а/ж-автомобиль жолы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК